

"Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі N 273
бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 20 наурыздағы N 117 Бұйрық . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 3 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5622 болып енгізілді.

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 7) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 4354 болып тіркелген, 2006 жылғы 15 қыркүйектегі N 166 (1146) "Заң газеті" газетінде жарияланған)" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі N 273 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан ө т к і з у е р е ж е с і н д е :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аттестаттау - Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) аудиторлыққа кандидаттардың білімін және дағдыларын Ереженің 6-тармағында көрсетілген пәндер бойынша біліктілік емтихандар қабылдау арқылы анықтау рәсімі;"

2) тармақшада "білімін тексеру" деген сөздер "білімін мен дағдыларын тексеру нысаны" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада "аудит саласында тәжірибелік қызмет үшін қажетті аудиторлыққа кандидаттың білімін, дағдысы мен іскерлігін тексеруді ескере отырып" деген сөздер "аудиторлыққа кандидаттың аудиторлық қызмет саласында қажетті білімін және дағдыларын тексеру үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "соңғы 5 (бес) жылдың" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау Комиссия жыл сайынғы бекітілетін жұмыс жоспарларына сәйкес әр 3 (үш) айда, жылына 4 (төрт) рет жүргізіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Аудиторлыққа кандидаттар мынадай пәндер бойынша емтихан тапсырады:
б у х г а л т е р л і к е с е п ;

қаржы және қаржы менеджменті;
салық және салық салу;
азаматтық құқық;
банктік іс;
сақтандыру және зейнетақы заңнамасы;
аудит.

Бухгалтерлік есеп және аудит саласында Associate Chartered Accountant (ASA), Certified Accountants (CA), Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), Certified International Professional Accountant (CIPA), Certified Public Accountant (CPA), Institute of Financial Accountants (IFA), The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA) Халықаралық сертификаттары бар аудиторлыққа кандидаттар, келесі пәндер бойынша емтихан тапсырады:

салық және салық салу;
азаматтық құқық;
банктік іс;
сақтандыру және зейнетақы заңнамасы.

Chartered Finance Analyst (CFA), Certified Management Accountant (CMA), Diploma in the International Financial Reporting (DipIFR ACCA), International Association of Book-keepers (IAB) Халықаралық сертификаттары бар аудиторлыққа кандидаттар, келесі пәндер бойынша емтихан тапсырады:

қаржы және қаржы менеджменті;
салық және салық салу;
азаматтық құқық;
банктік іс;
сақтандыру және зейнетақы заңнамасы;
аудит.

Адвокатқа, нотариуска, судьяға, біліктілік емтиханын тапсырған аудиторлыққа кандидаттар, "азаматтық құқық" пәнінің емтиханынан босатылады.;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Аудиторлыққа кандидат аттестаттауға тіркелу үшін Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) пәннің (пәндердің) атауын көрсетілген өтініш (әр емтиханға);
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) жоғары білімін куәландыратын құжаттың нотариалдық расталған көшірмесі;
- 4) бухгалтерлік есеп және аудит саласында халықаралық біліктілік алғанын растайтын құжаттың (ол болған жағдайда) нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 5) өтініш берушінің тұратын мекен-жайы бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден оларды Комиссияға ұсынғанға дейінгі бір айдан аспайтын мерзімде берілген медициналық анықтамалар;

6) өтініш берушінің тұратын мекен-жайы бойынша оны Комиссияға ұсынғанға дейінгі бір айдан аспайтын мерзімде бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып берілген сотталмағандығы туралы анықтама;

7) экономикалық, қаржы, бақылау-тексеру немесе құқық салаларында немесе жоғары оқу орындарында бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ғылыми-оқытушылық қызмет саласында кемінде 3 (үш) жыл еңбек өтілін растайтын еңбек кітапшасының немесе өзге құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

8) Адвокатқа, нотариусқа, судьяға біліктілік емтиханын тапсырғаны туралы (бар болған жағдайда) құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі.

Барлық құжаттар құжат тігілетін папкаға қыстырылады, оның сыртқы бетінде: N___ Жеке іс, аудиторлыққа кандидаттың тегі, аты және әкесінің аты, ресімдеу күні к о р с е т і л е д і . " ;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Комиссияның емтихандарын өткізу үшін:

мемлекеттік және орыс тілдерінде модульдік тапсырмалар қалыптастырады;

емтихандардың өткізілуін ұйымдастырады;

аудиторға кандидаттардың емтихандық жұмыстарын тексерулерді және бағалауларды жүргізеді. " ;

14-тармақтың бірінші сөйлемінде "Комиссия бекіткен кесте" деген сөздер " Комиссиялар бекіткен кестелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақта "тілдерінде" деген сөзден кейін "ұсынылады және" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

21-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Комиссиялар өткізген біліктілік емтихандарының нәтижелері Қазақстан Республикасының аумағында бірдей заң күшіне ие және бес жыл мерзімге жарамды.

Комиссиялар берген "аудитор" біліктілік куәліктері Қазақстан Республикасының аумағында бірдей заң күшіне ие. " ;

26-тармақта "барлық" деген сөзден кейін ", аттестацияға қатысқан" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

27-тармақта "кандидаттардың" сөзінен кейін "емтихан нәтижелерін қайта тексеру туралы арыз беру арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

28-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"28. Аудиторлыққа кандидаттың арызы түскен жағдайда Комиссияның төрағасы (ол болмаса Төрағаның орынбасары) әр емтихан бойынша шағымдану кеңесінің құрамын бекітеді. Шағымдану кеңесінің құрамына емтихан жұмыстарын бағалауға қатыспаған Комиссияның тақ санындағы мүшелері кіреді. " ;

29-тармақта "(үш)" деген сөзінен кейін "жұмыс" деген сөзімен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есепті, аудиторлық қызмет пен қаржылық бақылауды дамыту департаменті (Ж. Айтжанова) осы

бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК